


**К.Г.ЮНГ**

**Орындаған: Рыскелді Зарина**  
**Қабылдаған: Бапаева С.Т.**

**Карл Густав Юнг**  
(1875- 1961) -  
швейцарлық психолог  
және психиатр.  
1910-1913 жылы кейін  
1933 жылы *Цюрих*  
университетінің доценті,  
психоаналитикалық  
мектептің Цюрихтағы  
бұтағын қалаушы.



*Тұлғаның негізгі үш тұжырымдамалы аймағы:*



## 1. Ұжымдық бейсаналық

- *Адам психикасында мұраланған архетиптер негізінде ұсынылатын адамзаттың бүкіл мәдени тарихи тәжірибесі шоғырланған тұлғаның негізгі құрылымы.*

## 2. Дара саналық

- *Санадан ығыстырылған эмоциямен айшықталған ойлар мен сезімдер немесе “кешендердің жиынтығы”.*

## 3. Дара бейсаналық

- *Өзіміздің саналы іс-әрекеттерімізді реттеуге көмектесетін ойлар, сезімдер, еске түсірулер мен түйсінулерді қосып алатын құрылым.*

**Юнг** тұлға дамуындағы негізгі қайнар көздер, туа біткен психологиялық факторлар деп есептейді. Адам өз ата-анасынан тұқым қуалау бойынша дайын алғашқы идеялар (ойлар) - **“архетиптерді”** алады. Кейбір, архетиптер әмбебап болады, мәселен, барлық халықтарға тән Құдай, қайырымдылық пен зұлымдылық идеялары. Бірақ бұлардан басқа мәдени дара ерекше архетиптер болады. Юнг архетиптер түс көруде, қиялда бейнеленеді және көркемөнер, көркем әдебиет, архитектура мен дінде қолданылатын белгілер түрінде жиі кездеседі деп шамалайды.



**Әрбір адамның  
өмірінің мағынасы –  
туа біткен  
*архетиптерді* нақты  
мазмұнмен толықтыру.**

*“Өзіндік” архетипінің негізгі мақсаты – адамның жеке даралануы (индивидуация) мен ұжымдық бейсаналылықтан шығуы. Бұл “өзіндік” архетипі адам психикасындағы барлық құрылымдарды біртұтастыққа ұйымдастырып, үйлестіреді, интегралдап әрбір жеке адам өмірін қайталанбастай және бірегей етіп құрады.*

“Өзіндіктегі”  
интеграцияның  
екі тәсілі

Экстраверсия

Туа біткен  
архитиптердің  
сырттан келетін  
мәліметтермен  
толықтыру  
бағдары

Интроверсия

Ішкі әлем, өз  
күйзелістеріне  
бағдарлау



*Адам бір іспен шұғылданғанда, тіпті сөйлегенде күш жұмсайды. Әдетте адам энергияны тыныс алу, тамақтану және ұйықтау арқылы алады. Ұйқымыз қанғанда, жаңа күш пайда болғандай әсерде болатынымыз сондықтан. Психологтардың айтуынша, экстраверт адамдар үшін бұл энергия жеткілікті көрінбейді. Сондықтан, олар энергияны қарым-қатынас арқылы басқа адамдардан алады. Экстравертердің үнемі жұрттың назарында болғысы келетіні осы себептен болса керек. Экстравертер алға ұмтылғыш, ашық-жарқын болып келеді. Араласатын адамдары да айтарлықтай көп болады. Себебі, ол кез келген ортаны баурап, адамдардың есінде қала алады. Дегенмен, бұл жүз достың бәрі сенімді деген сөз емес...*



**Экстраверт:**  
**-адамдармен тез**  
**араласуға бейім**  
**тұратын;**  
**-публика алдында**  
**сөз сөйлегеннен**  
**қысылмайтын;**  
**-кез келген әрекетін**  
**сыртқы ортамен**  
**бөлісетін адам.**

*Әрбір адам бір мезетте экстраверт те, интроверт те болуы мүмкін. Алайда, олардың көріну дәрежелері әртүрлі болуы мүмкін.*



## ***Интроверт:***

- жалғыздықты сүйетін;***
- өз-өзімен сөйлескенді ұнататын;***
- ішкі әлемінде өмір сүретін жан.***



*Интроверттер көпшілік ортада ұзақ қалғысы келмейді, үнемі жалғыздықты жаны қалап тұрады. Адамдармен араласып-құраласып кету олар үшін оңай емес. Интровертер сезімдерін сыртқа шығара бермейтін салмақты, жабық, тұйық адамдар.*

*Бұл эгоистік емес. Олар үшін қоршаған ортадан өз ішкі әлемі маңызды. Оның бір немесе екі досы болуы мүмкін. Көбіне олардың осы бір не екі досымен өмір-бойы сырласып өтуі зажап емес. Психологтар сондай-ақ, шығармашылықпен айналысатын адамдардың көбі интроверт болып келеді дейді.*

*Назарларыңызға  
рахмет!*